

ӘОЖ 37.02

*Кушмурзина, Д.Х.*

*педагогика ғылымдарының магистрі,  
МД және ББ кафедрасының аға оқытушысы*

*Шамитдинова, Ш.А.*

*«5B010200 – БОПмӘ» мамандығының  
4 курс студенті,*

*Ө. Сұлтангазин атындағы ҚМПУ,*

*Қостанай, Қазақстан*

## БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ТЕЛЕБАҒДАРЛАМАЛАРДЫ САБАҚТАРДА ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

### *Түйін*

*Мақалада жаһандану нәтижесінде қоғамдық талаптар әсерінен білім беру саласындағы өзгерістер негізіндегі прогресс барысында туындайтын қажеттіліктерге жауап бере алатын, тиімді үздіксіз педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың шарты ретіндегі кіші мектеп жасындағы оқушының оқу-танымдық қызығушылығын дамыту мақсатында балаларға арналған телебағдарламаларды пайдаланудың шарттары, әдіс-тәсілдері мен ерекшеліктері қарастырылады.*

***Кілт сөздер:** кіші мектеп жасындағы оқушы, оқу-танымдық қызығушылық, балаларға арналған телебағдарлама, жаңа телекоммуникациялық құралдар, нақты білім, дағды қалыптастыру.*

### **1 Кіріспе**

Заманауи мектептің модернизациясы оқушыға оқу іс-әрекетінде жетістікке жетуге, оның тұлғалық дамуын қамтамасыз етуге арналған [1]. Педагогикалық үдерістің тиімділігі критерийлерінің бірі – оқушылардың тұрақты оқу-танымдық қызығушылығы болып табылады. Оқу-танымдық қызығушылықты дамыту бүгінгі күнгі мектептің басты мәселелерінің бірі. Оның өзектілігі оқу іс-әрекетінің өзінде, білім мазмұнын жаңарту, оқушылардың өз бетінше білім алу дағдыларын қалыптастыруымен байланысты. Оқу-танымдық қызығушылық, ғалымдар мен педагогтардың пікірінше, қажеттіліктер себепті өздігінен пайда болып және меңгерілмейді, бірақ арнайы қалыптасады және дамиды. Мектептерде бастауыш сыныптан бастап танымдық қызығушылықты қалыптастыру міндеті тұр, өйткені сол арқылы баланың бейімділігі мен қабілеттері ашылады, оның моральдық сенімдері мен белгілі бір объектілер мен қызмет түрлеріне қажеттіліктері қалыптасады. Көптеген зерттеушілердің жұмыстарында оларды қалыптастыру мен дамыту үдерістерінің мәнін ашуға мүмкіндік беретін қызығушылықтарды анықтау әдістемелерін пайдалану қажеттілігі көрсетілген [2].

Бастауыш мектепке жаңа білім беру стандарттарын енгізу оқу-танымдық қызығушылықты дамыту үдерісінің әлеуметтік маңыздылығын арттыратыны сөзсіз, өйткені жалпы білім берудің мемлекеттік стандарттары сол стандарттарға қол жеткізуге әлеуеті жететін модельдерді әзірлеуді қажет етеді [1].

Оқыту үдерісінде бейнематериалдарды қолдану оқу үдерісіне әр алуандылықты енгізуге, білім алуды қызықты, көрнекілікпен жасауға, формализмнен аулақ болуға және оқушылардың оқу-танымдық қызығушылығын дамытуға мүмкіндік береді. Демонстрациялық материалдарды талдау тапсырманы формальды және шаблонды орындауға мүмкіндік бермейді, мұны шығармашылықпен, саналы түрде нәтижелі жасауға итермелейді. БАҚ-тың түрлі құралдарын, атап айтқанда кино мен телебағдарламалардың бейнематериалдарын кеңінен қолдану білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында педагогикалық үдерістің міндетті атрибуты болуы тиіс деп есептеуге болады [3].

Білім беру мекемелерінде экрандық дыбыстық медианың ішінде, ең көп қолданылатын құрал – телебағдарламалар. Бұл теледидар техникалық жетістіктер мен өнердің әртүрлі формаларын синтездейтін ең көп таралған және қол жетімді құрал екендігіне байланысты. Теледидардың техникалық мүмкіндіктері құбылысты жедел немесе баяу қарқынмен көрсетуге, қажет болған жағдайда көрсетілімді тоқтатуға немесе тіпті қайталауға мүмкіндік береді.

Сондықтан балаларға арналған телебағдарламалардың әлеуетін педагогикалық мақсатта пайдалану арқылы кіші мектеп жасындағы оқушылардың оқу-танымдық қызығушылықтарын оқыту үдерісінде дамыту қажет.

Қазіргі заманғы теледидар – ақпарат таратудың, ойын-сауық пен білім берудің ең танымал және ең қуатты құралы. Көрермендердің жас ерекшеліктеріне сәйкес әр түрлі мазмұндағы контентке ие ондаған, ал кейбір аймақтарда жүздеген арналар қол жетімді [4].

Балаларға арналған телебағдарлама – бұл мектепке дейінгі, кіші мектеп, орта мектеп және жасөспірім жастағы көрермендерге бағытталған бағдарламалар жүйесі. Оның мақсаты – жан-жақты тәрбиелеу және білім беру, өскелең ұрпақты әлеуметтендіру. Алайда, балалар бағдарламаларының конструктивтік, білім беру бағыты олардың ойын-сауық функциясынан басым болуы үшін оларды құру бойынша жұмысты ғана емес, сонымен қатар олардың тиімділігі мен балаларға әсерін зерттеу бойынша жұмысты жүргізу қажет.

Оқушылардың оқу барысындағы іс-әрекет тәсілдері дескриптивті (яғни, мазмұнын әңгімелеу, видеоконтенттегі оқиғаларға шолу); талдау (материалдағы негізгі әрі маңызды тұстарын анықтау және өз ойын негіздеу); рефлексивті (видеоматериалға байланысты пайда болған ассоциациялармен, сезімдермен бөлісу, өзіндік пікірін дәлелді жеткізу); түсіндірмелі-бағалаушылық (телебағдарламалар, олардың видеофрагменттерін, оның мақсаттары, құндылығы туралы көзқарасымен бөлісу) сипатта болады.

«**Балапан**» – еліміздегі алғашқы балалар арнасы. Телеарнаның ең басты ерекшелігі, ол тек қазақ тілінде хабар таратады. «Балапан» арнасы 2010 жылы 27 қыркүйекте құрылған. Содан бері, білім, ғылым, өнер, спорт, тағы басқа сан салалы бағыттарда бағдарламалар ұсынып, бүлдіршіндерді мәпелеп отырған әрбір отбасының, сенімді серігіне айналды. Атап айтар болсақ, спорттық командалық жарыс ретінде өтетін «*Жүзден жүйрік*» бағдарламасы балаларды бірлікке, бауырмалдыққа баулыса, ал «*Hello, Балапан!*», балдырғандарға ағылшын тілін үйретеді. «*Бауырсақ*» бағдарламасы жасөспірімдерді дұрыс тамақтануға, «*Санамақ*», бағдарламасы экономикалық сауаттылыққа, ал «*Алақай, Балақай!*» салауатты өмір салтына шақырады [5].

#### **Танымдық бағыттағы телебағдарламалар:**

«**Dara tulǵa**» бағдарламасы – қазақ тарихында бой көтерген танымал тұлғалардың өмірлері мен еңбектерін, жетістіктері мен бастан кешкен қиындықтарын балалардың санасында қайта жаңғырту. Оларды үлгі ету арқылы, келер ұрпақты ғылымға, өнерге және өз қатарының алды болуға, жаңашылдыққа ынталандыру. Балалардың өз тарихы мен мәдениетін танып, оны әрі қарай дамытуға талпындыру [6].

«**Кім тапқыр?**» бағдарламасы – ақпараттық-танымдық, ойын-сауықтық интербелсенді бағдарлама. *Бағдарламаның міндеті:* 6-12 жас аралығындағы балалардың зейінін, ой-ұшқырлығын түрлі ойындар ойнату арқылы дамыту, пайдалы ақпараттарды игеруге ат салысу, интеллектуалдық және логикалық сұрақтар арқылы білімдерін тағы да шыңдау болып табылады [7].

«**Үйрен де жирен**» бағдарламасы – өскелең ұрпақты қазақ халқының ұлттық қолөнерімен жақын таныстыру және Республикамыздағы ұлттық қолөнер шеберлерін кеңінен насихаттау. Тарихы тереңнен нәр алатын ұлттық қолөнерді Қазақстан аймағын мекендеген тайпалар жүздеген жылдар бойы металл, тас, сүйек, саз балшық, ағаш, жүн, тағы басқа да шикізаттарды шаруашылық кәсіптерімен күнделікті тұрмыс қажетіне жаратып, қолөнердің қазақ халқына тән ерекше көркем түрлерін қалыптастырғанын жеткіншектер назарына ұсыну.

«**ABC+**» бағдарламасы – кіші мектеп жасындағы оқушыларға ағылшын тілін үйретуге негізделген бағдарлама. Ағылшын тілін үйренгісі келетін балақайлар үшін осы бағдарлама жақсы мүмкіндік. Бағдарламаны тамашалау арқылы оқушылар ағылшынша әріптерді

таниды, санауды үйренеді, сонымен бірге жеміс-жидек, түстер, геометриялық фигуралар, дене мүшелерінің ағылшынша атауын үйренетін болады.

## **2 Материалдар мен әдістер**

«**Балапан**» арнасының телебағдарламаларын бірнеше пәндерге бірдей пайдалана беруге болады. Авторлары бағдарламаларда кіші мектеп жасындағы аудиторияның толыққанды дамуы үшін жан-жақты тақырыптарды қамтиды.

Бастауыш сынып оқушыларының психо-физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты визуалды есте сақтау басым болғандықтан *әдебиеттік оқу* пәнінде ақындармен, ғалым-жазушылармен танысқанда сабақ қызық әрі оқушының қабылдауына оңай болуы үшін балаларға арналған «*Дара тұлға*», «*Ерте, ерте, ертеде...*», «*Біздің жанұя*», «*Мүмкіндік*» телебағдарламаларынан сабақ мақсатына сәйкес келетін үзінділерді пайдалануға болады.

Балапан арнасының «*Дара тұлға*» бағдарламасының көпшілік шығарылымы әдебиеттік оқу пәніне арналған деп айтуға болады. Бағдарламада қазақ халқының танымал тұлғалары, олардың өмір жолы, еңбектері, жетістіктері және бастан кешкен қиындықтары туралы баяндалады. *Мақсаты*: оларды оқушыларға үлгі етіп көрсету арқылы, болашақ ұрпақты ілім-білімнің қыр-сырын ұғынуға, бойына адамгершілік қасиеттерін сіңірген, мәдениетті тұлға болып қалыптасуына, замандастарының алды болуына ынталандыру, күш-жігер беру [6].

Сонымен бірге «*Әдебиеттік оқу*» пәнінде «*Мамандықтың бәрі жақсы*» тақырыбын өткен кезде Балапан арнасының «*Мүмкіндік*» бағдарламасын көрсетуге болады. Бұл бағдарламада балалар бір күнін түрлі кәсіп иелерімен, олардың жұмыс барысымен танысуға арнайды. Мысалы, асханада аспаздың, мектепте мұғалімнің, емханда дәрігердің еңбегін көзімен көріп, көмектесіп, сол саланың қызығы мен қиындығын сезінеді. Бағдарламаны көрсету арқылы оқушыларда әр мамандыққа деген қызығушылықтары артады, әрі өздеріне болашаққа нақты мақсат қоя алатыны сөссіз.

*Көркем еңбек* пәнінде «*Он саусақ*», «*Еңбекке үйренем десең, ерінбе*», «*Үйрен де жүрен*» бағдарламаларын пайдалануға болады.

Телебағдарламалардың әсері кіші мектеп жасындағы балалардың бейнелеу іс-әрекетіне де әсер етеді: табиғат тақырыптарына суреттердің композициялық шешімдерінде, жануарлар мен құстардың бейнелерінің суреттеулерінде әр баланың даралығы байқалады.

«*Үйрен де жүрен*» бағдарламасы қолданыстағы материалдардан түрлі бұйымдар жасауды, балаларды танымдық ойын арқылы еңбексүйгіштікке баулуды үйретеді. Бағдарлама арқылы оқушылар тек бұйым жасаумен ғана шектелмей, ол бұйымның шығу тарихы, қолданысы туралы мәлімет алатын болады. Бұл бағдарламаның тәрбиелік маңызы зор, себебі оқушыларға қазақ халқының ұмыт болған бұрынғы салт-дәстүрлері, отбасындағы тәрбие, жалпы ұлттық құндылықтарды үйрету.

Мысалы, «*Қазақтың ұлттық зергерлік бұйымдары*» тақырыбында «*Үйрен де жүрен*» бағдарламасын қолдану арқылы оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыруға болады. Бұл бейнефильмнен оқушылар қазақтың ұлттық зергерлік бұйымы шолпы туралы мәлімет алады сонымен бірге оның жасалу жолын үйренеді.

*Дуниетану* пәнінде «*Данышпан қарға*», «*Ол кім, бұл не?*» бағдарламасын пайдалануға болады.

Дидактикалық тұрғыдан алғанда бұл әдіс-тәсілдер өте ұтымды. Себебі осы әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың пәнге деген оқу-танымдық қызығушылығын арттырып қана қоймай, жас білімалушыларда қол жетімді әр түрлі медиаресурстарды мақсатқа байланысты тиімді қолдануға болатындығы туралы пікір қалыптастырамыз.

Телебағдарламалардың фрагменттерін салыстыру, сюжеттегі қызықты сәттерді бөлу баланың қоршаған ортадағы өзара байланысты терең түсінуіне алып келеді, оның сұлулығын байқай білуін қалыптастыруға ықпал етеді.

Теледидар хабарларын қайта тыңдау немесе көру ұйымдастырған кезде балалардың назарын жарқын, тірі бейнелер жасалған мәнерлілік құралдарына аудару маңызды. Енді бала сюжеттің дамуын бақылап қана қоймай, сюжет қаһармандарының мінез-құлқына тән қасиет-

терді байқап, мәнерлі қалыптарға, қозғалыстарға, нысандардың кадрдағы орналасуына назар аударатын болады.

Осы бағытта кіші мектеп жасындағы оқушылардың оқу-танымдық қызығушылығын дамытуға негізделген сабақтардан үзінділер ұсынамыз. *Мысалы:*

«Дүниетану» пәні бойынша «Қазақстанда ғылымның дамуы. Ғалым Қаныш Сәтбаев» тақырыбы берілген. Онда «Дара тұлға» бағдарламасынан оқу-танымдық анимация арқылы Қаныш Сәтбаев туралы танымдық ақпараттық бейнематериал ұсынылған. Онда қазақтың ұлы ғалымы Қаныш Сәтбаевтың өмірбаяны, жасаған еңбектері, қазақ тарихындағы алатын орны туралы баяндалады. Алдын-ала оқушыларға: «Оқушылар, біз қазір сендермен ғалым Қаныш Сәтбаев туралы бейнефильм тамашалаймыз. Оны зейін қойып тыңдаймыз, көріп болғаннан кейін түрлі тапсырмалар орындайтын боламыз!» деп нұсқаулық беріледі.

*Тапсырма:* Бейнематериал бойынша сөйлемдерді толықтырып, әңгімеле.

1. Қаныш Сәтбаев Семейде семенарияда оқып жүргенде .....
2. Халық соты қызметінен кетіп .....
3. Оқуды бітіргеннен кейін .....
4. Сәтбаевтың арқасында .....
5. Минералдан жасалған шахматты .....
6. ҰТУ (Ұлттық Техникалық Университеті) өркендеуіне қосқан үлесі үшін .....
7. Небәрі студент кезінде .....
8. Қазақтың ән-мұрасын жинаушы Затаевич .....
9. Кеңестік астроном Николай Черных .....

Бұл тапсырма арқылы оқушылардың есте сақтау қабілетін дамыта отырып, олардың қаншалықты қосымша мәлімет алғандықтарын анықтауға болады. Сонымен қатар, бейнематериалды тамашалау арқылы, оқушылардың тыңдалым дағдысы қалыптасады, тапсырманы орындай отырып ойлау қабілеті дамиды, әрі қызығушылықтары артады.

Осы «Дүниетану» пәні бойынша келесі мына «Қоршаған ортаға қамқорлықпен қараудың мәні» тақырыбын өткенде «Данышпан қарға» телебағдарламасын сабақта қолданып, оқушылардың оқу-танымдық қызығушылықтарын дамытуға зор мүмкіндік аламыз. Себебі, бұл әлемді тануға көмектесетін танымдық мультхикая. Мультхикаяның 8-бөлімі арқылы оқушылар еліміздегі экологиялық мәселелер, оладың зардаптары жайында жан-жақты мағлұматтар алады. Тұрмыстық қалдықтардың табиғатқа тигізер кері әсерін түсінеді. Онда табиғатты қорғаудың жолдары және Елордадағы салынып жатқан «Ақылды үйлер» және олардың маңыздылығы туралы баяндалады. Оқушылар бейнематериалды тамашалай отырып, өз қаласының табиғаты, экологиялық мәселелері туралы өз пікірлерін жазады және оларды өз бетінше шешу жолдарын ұсынады. Тапсырманы орындау арқылы оқушылардың ойлау қабілеттері дамиды және сабаққа деген қызығушылығы артады. [8].

*1-тапсырма:* Сұрақтарға сүйене отырып, өз қалаңдағы экологиялық мәселелер туралы жаз.

- Сен тұратын қалада қандай экологиялық мәселелер бар?
- Осы мәселелерді шешудің қандай жолдарын ұсынар едің?
- Ақылды үйлердің маңыздылығы қандай деп ойлайсың?

*2-тапсырма:* Қоршаған ортаға байланысты тыйым сөздер жаз.

Тыйым сөздерді жаздырудағы мақсат – оқушылардың табиғатқа деген қамқорлық сезімдерін ояту. Мысалы: «Ағаштардың бұтақтарын сындырма!», «Өзен-көлдерді ластама!», «Жануарларға қатыгездік жасама! Себебі олар табиғатымыздың байлығы екенін ұмытпа!». Міне, осындай тапсырманы орындату арқылы оқушыларда бірін-бірі оқыту, өз білімін толықтыру үдерісі жүзеге асады.

Ал келесі «Әдебиеттік оқу» пәнінен «Таңғажайып ертегілер» тақырыбын өткенде де «Қазақша ертегілер. Ғажап құс» бейнематериалын қолдануға болады. Мұнда оқушылар:

- сюжеттің дамуын болжайды;
- кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалайды.



Сурет 1 – «Қазақша ертегілер. Гажап құс» бейнеролигі

Ертегіні көрсетуден бұрын оқушыларға: «Қазір біз сендермен қазақ халқының «Гажап құс» деген ертегісімен танысамыз. Ертегіні мұқият тыңдаңдар! Тыңдап болғаннан кейін осы ертегі бойынша тапсырмалар орындайтын боласыңдар!» деп нұсқау беріледі.

*«Ертегі хан және оның үш ұлы туралы. Бір күні хан түсінде гажап құсті көреді, сол күні ұлдарын алдына шақырып, сол құсты тауып келген ұлына бүкіл байлығын мұра қылып қалдыратынын айтады. Үш ұлы гажап құсты іздеп жолға шығады. Жолдары үшке бөлінеді: үлкен ұлы оң жақты, яғни байлық әкелетін жолды таңдайды, ортанша ұлы сүйікті болуды қалап сол жаққа кетеді, кенже ұлы алдында не күтіп тұрғанын білмей тұра жолға қарап кетеді. Олардың басынан түрлі оқиғалар өтеді, ақыр соңы гажап құсты табу бақыты тура жолды таңдаған кенже ұлына бұйырады. Ол құсты алып келе жатқанда, екі ағасын кездестіреді. Ағаларының өтінішімен ханға құсты үшеуіміз бірге таптық деп айтуға келіседі. Бірақ арам ойлы екі ағасы түнде демалып, ұйықтап жатқан кішкентай інісін шұңқырға тастап жібереді.»*

Ертегі осы жерде тоқтатылады да оқушыларға ертегіні өз ойларымен әрі қарай болжап, оқиға қосып жазу тапсырмасы беріледі.

*1-тапсырма:* Ертегі мазмұнын әрі қарай болжа. Ханның кенже ұлын қалай құтқарар едің?

*2-тапсырма:* Ханның үш ұлына мінездеме бер.

Бұл әдіс оқушылардың тыңдалым және жазылым дағдысын жетілдіруге өте тиімді. Олар өз қиялдарына терең бойлауға мүмкіндік алады және белгілі бір сюжет құруға деген қызығушылықтары артады. Алдымен жазғандарын оқиды. Кейін ертегіні толық көріп шығады да, өз қиял-болжамдарын ертегі мазмұнымен салыстырады.

«Жаратылыстану» пәніндегі «Пайдалы қазбалар жана ма?» тақырыбын өткенде «Сен білесің бе? Мұнай. Көмір» бейнематериалын қолданған дұрыс. Ол арқылы еліміздегі жаңғыш пайдалы қазбалар мұнай мен көмірдің шығу тарихы және оларды алғаш тапқан тұлғалар туралы қысқаша және нақты ақпарат аламыз. Себебі, оқулықта ең алғаш көмірді тапқан ұлы тұлға Аппақ Байжанов екендігі айтылмаған. Бейнефильм осы ақпаратты толықтырады. Оқушылар:

- қандай пайдалы қазбалар жаңғыш деп аталатынын біледі;
- жаңғыш пайдалы қазбалардың қалай пайда болатынын түсінеді.

Бейнефильм мазмұны бойынша Аппақ Байжановтың ашқан жаңалығының Қазақстанның дамуына әсерін «Кластер» әдісі арқылы оқушыларға жазып беруді ұсынуға болады. Мұнда жұптық, топтық жұмыс әдісін қолданған тиімді. Себебі, оқушылар бірінің ойын бірі толықтырады. Мұндай тапсырма оқушылардың ойлау қабілеттерін және тілдік дағдаларын дамытуға зор мүмкіндік береді.

«Кестені толтыр» тапсырмасы оқушылардың оқу-танымдық қабілеттерін дамытады (Кесте 1). Оқушылар қараған бейнефильм бойынша өз түсініктерін осы кестеге толтыру арқылы қажетті материалды іріктеуге, оны талдауға дағдыланады.

Кесте 1 – Жанғыш пайдалы қазбалар

Жанғыш пайдалы қазбалар	Өндіріс аймағы	Өнімі	Адам өміріндегі маңызы

Ал «Қазақ тілі» пәні бойынша да түрлі телебағдарламалардың танымдық негіздегі қызықты бейнематериалдарын қолдану өте тиімді. Мысалы, «Ғаламшарлар құпиялары. Қарсы мәнді сын есімдер» тақырыбында «Күн жүйесінің планеталары» атты бейнероликті көрсету ұсынылады.



Сурет 2 – «Күн жүйесінің планеталары» бейнеролигі

Бұл бейнероликті сабақтың ортасында оқушылардың алған жаңа білімдерін пысықтау үшін қолдануға болады. Материал көрсетілгеннен кейін олар рөлдік ойын тапсырмасы ретінде «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы жұппен тақырыпқа байланысты сұрақтар құрастырып, өздерін журналист маманы ретінде сынап көре алады. Бұл олардың тыңдалым мен айтылым дағдыларын қалыптастырады. Содан соң төмендегідей тапсырмалар беріп, грамматикалық білімдерін жетілдіру көзделеді.

*Тапсырма:* Қарсы мәнді сын есімдерді пайдалана отырып, ғарышкермен сұхбаттасуға арналған сұрақтар дайында (кемінде 7 сұрақ).

Осы үлгідегі сабақтар арқылы оқушылар қоршаған ортадағы құбылыстар, қоғамда болып жатқан жағдаяттар және ғылыми білімді қызықты әрі дәстүрлі емес формада меңгеруге мүмкіндік алады. Бұл сабақтардағы аталған тапсырмалар кіші мектеп жасындағы оқушылардың оқу-танымдық қызығушылықтарын дамытуда жаңаша әдіс болғандықтан білімалушыларда педагогикалық үдеріске ерекше құлшынысты оятады деген қорытынды жасауға болады.

### 3, 4 Нәтижелер мен талқылау

Жаңа телекоммуникациялық технологиялардың кез-келген заманауи маманның кәсіби қызметіндегі рөлі артып келеді. Педагогика тәжірибе қажеттіліктеріне жауап бере отырып, ғылым ретінде педагогикалық мақсаттар мен ақпараттық технологиялардың байланысының маңыздылығын ескереді. Мұндай жағдайда әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдарын, атап айтқанда теледидарды кеңінен қолданған жөн.

Осындай құралдардың бірі – түрлі бейнематериалдарды, көркем және танымал ғылыми фильмдерді кеңінен талдау арқылы көрсету. Әртүрлі авторлар осы салаға қатысты әртүрлі терминдерді анықтайды. Сонымен, Е.Н. Соколова, М. Аслан, М. Фурмановский, А. Райс, Дж. Уиллис және басқалары «видео» ұғымымен жұмыс істейді, И. Щербакова, Дж. Тернер,

Дж. Винсент, Дж. Уильямсон және басқалары «кино» және «кинофильм», Г. Жогина, Н.В. Барышников және басқалары «видеоқұжаттар» туралы айтады, Г.А. Воробьев, Л.Ф. Прикажчикова, В.И. Писаренко «видеоматериалдар» терминін қолданады [9]. Соңғы ұғым бізге педагогикалық мәселелерді шешуге қатысты қолайлы болып көрінеді.

Бейнематериалдар визуалды және дыбыстық диапазонды біріктіретін, бейнепенкаға жазылған деректі, мультипликациялық және көркем фильмдер, бейнесабақтар, телебағдарламалар, театр қойылымдары, репортаждар, жаңалықтар, бейнеклиптер және басқа да видеоконтент формалары болып табылады.

Нақты білім, дағды қалыптастыру, сонымен қатар білім алушылардың оқу-танымдық қызығушылықтарын дамыту мақсатында бейнероликтерді (телебағдарламалар, жаңалықтар, бейнесабақтар, көркем, деректі және анимациялық фильмдер, жарнамалық роликтер) пайдалану ерекшеліктері Э.В. Глушак, И.А. Гончар, М.И. Дубровина, Ю.А. Комарова, С.В. Неделина, В.Л. Прокофьева, Е.В. Русакова зерттеулерінде көрсетілген.

Фильмдердің көрсетілімі әсіресе оқу жоспарында аз сағат бөлінетін, сонымен көрнекілікті қажет ететін пәндерді оқытуда тиімділігі өте жоғары.

Оқу сабақтарының осындай түрін дұрыс ұйымдастыру үшін мұғалімге қабылдау мен ойлауға мақсаттылық сипат беру керек – білім алушыларға тақырыпқа байланысты қосымша теориялық материал бойынша тиісті сұрақтармен, ұсынымдармен бейнематериал мазмұнын талдау жоспары түрінде нұсқаулық беру керек. Видеоконтенттің ұзақтығы сабақ шеңберінен шығуы мүмкін екенін ескеру қажет, сондықтан алдын ала ұсынылған бейнематериалдан елеулі мағыналық мазмұны жоқ фрагменттерді (титралар, музыкалық-көркем бөліктер және т.б.) алып тастауға болады. Бейнематериалды көрсетпес бұрын, мұғалім оны мұқият қарап шығуы керек, оқушылардың назарын аудару қажет болған негізгі тұстарды анықтап алуы керек. Сондай-ақ, оқушыларға сабақ барысында атқарылатын жұмыс туралы алдын-ала нұсқау беру маңызды элемент болып табылады. Белгілі бір тұстарға назар аударуға мүмкіндік беретін стоп-кадрды жүзеге асыру мүмкіндігі болғаны жөн. Бұл әдіс үшін сыныптағылардың барлығына кескінді көруге мүмкіндік беретін проекциялау үшін үлкен экран, жайлы жиһаз, ыңғайлы сынып бөлмесі болғаны жөн. Видеоконтентті талдауға ұсынылатын материал оқылатын пәннің оқу міндеттеріне және сабақ мақсаттарына сәйкес болуы тиіс.

### **5 Қорытынды**

Сонымен, балаларға арналған телебағдарламаларды бастауыш сыныптың кез келген пәнінде кеңінен қолдану арқылы кіші мектеп жасындағы оқушылардың оқу-танымдық қызығушылықтарын дамытуға болады. Себебі, теледидарда түрлі арналардан берілетін бағдарламалар балалардың жас ерекшеліктеріне негізделіп жасалған, әрі олар танымдық мақсатты көздейді. Соны әр мұғалім күнделікті сабақтарда қолданып отырса, әрбір оқушы сабақ кезіндегі кез келген сәт бойынша тапсырма болуы мүмкіндігін саналы түрде ұғынып, мұғалімді және басқа сыныптастарын мұқият тыңдауға тырысатын болады. Себебі көбінесе шығармашылық, әрі стандартты емес сипаттағы тапсырмаларды орындау үшін тапсырма бергенге дейінгі ақпаратты зейін салып тыңдап алу қажеттігін түсінеді.

Оқушы пәндік әлемнің мәнін ұғынып, себеп-салдарлық байланыстарды түсінуге ниет білдірсе және өз бетінше білім алу әдістері мен тәсілдерін, оқу міндеттерін шешудің неғұрлым ұтымды жолдарын іздестіруге мүдделі болған жағдайда пәнге деген қызығушылық тұрақтылыққа ие болады.

Әсіресе, балаға телебағдарлама беретін әсер, оның өмірлік тәжірибесі мен тірі табиғатпен қарым-қатынас жасауының барлығы арасында байланыстың болуы маңызды. Осындай байланысты орнату үшін педагог өмірден болған жағдайларды еске түсіруге және оларды таратудағы ұқсас оқиғалармен салыстыруға көмектеседі; оқушылардың алған білімін практикалық қызметке ауыстыруға ұмтылысын қолдайды; балалардың табиғатқа деген ұқыпты қарауын бейнелейтін іс-әрекеттерін атап көрсетеді және оң бағалайды [10].



### Әдебиеттер тізімі

- 1 Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси амалы атты Қазақстан халқына Жолдауы (желтоқсан, 2012 ж.).
- 2 Ергалиева, Л.Ж. Бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық іс-әрекетін қалыптастыру жолдары [Электрондық ресурс] // Молодой ученый. – 2015. – №8.2 (88.2). – С. 23-25. – Қолдану режимі: <https://moluch.ru/archive/88/17451/>.
- 3 Бидайбеков Е.Ы., Гриншкун В.В., Камалова Г.Б., Исабаева Д.Н., Бостанов Б.Ғ. Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері. – Алматы, 2014. – 352 б.
- 4 ҚР Ерте жастағы балалар дамуының тұжырымдамалық негіздері «Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ. – Астана, 2014.
- 5 «Балапан» арнасының ұлт-ұрпағын тәрбиелеудегі рөлі қандай? [Электрондық ресурс] // «Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігі» қоғамдық қорының ресми сайты. Қолдану режимі: <https://adynna.kz/post/18374>.
- 6 «Дара тұлға» жобасының сипаттамасы [Электрондық ресурс] // «Балапан» арнасының ресми сайты. Қолдану режимі: <https://balapan.tv/projects/dara-tulga/>.
- 7 «Кім тапқыр» бағдарламасының сипаттамасы [Электрондық ресурс] // «Балапан» арнасының ресми сайты. Қолдану режимі: <https://balapan.tv/projects/kim-tapqyr/>.
- 8 «Данышпан қарға» [Электрондық ресурс] // «Qazaqstan» Ұлттық телеарнасының ресми сайты. Қолдану режимі: <https://qazaqstan.tv/cartoons/danywpan-karga/>.
- 9 Марченко Ф.О., Маховская О. Влияние телевидения на развитие детей: опыт позитивного моделирования [Электронный ресурс] // Вестник ВГИК. – 2014. – №2 (20). – С. 134-144. <https://publications.hse.ru/articles/135266206>.
- 10 Колосов А.А., Сапунов В.И., Тулупов В.В., Цуканова М.И. Техника и технология СМИ: печать, телевидение, радио, интернет. – М.: Издательство Михайлов В.А. – 2018. – С. 320.

*Материал редакцияға түсті: 25.05.2020*

**КУШМУРЗИНА, Д.Х., ШАМИТДИНОВА, Ш.А.**

#### **МЕТОДЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ДЕТСКИХ ТЕЛЕПРОГРАММ НА УРОКАХ**

*В статье рассматриваются условия, методы и особенности использования детских телепрограмм в целях развития учебно-познавательных интересов младшего школьного возраста, как условия организации эффективного непрерывного педагогического процесса, способные дать помехи потребностям, возникающим в процессе прогресса на основе изменений в области образования в результате глобализации.*

**Ключевые слова:** *ученик младшего школьного возраста, развитие учебно-познавательных интересов, детская телепрограмма, новые телекоммуникационные средства, формирование реальных знаний, навыков.*

**KUSHMURZINA, D.KH., SHAMITDINOVA, SH.A.**

#### **METHODS OF USE OF CHILDREN TV PROGRAMS IN LESSONS**

*The article considers the conditions, methods and features of using children's TV programs for the development of educational and cognitive interests of primary school age, as conditions for organizing an effective continuous pedagogical process that can interfere with the needs that arise in the process of progress based on changes in the field of education as a result of globalization.*

**Key words:** *primary school age student, development of educational and cognitive interests, children's TV program, new telecommunications tools, formation of real knowledge and skills.*